

Бекітемін

Мектеп директоры: К.С Байғалиев

2022 – 2023 оқу жылындағы мектепшілік жалпы ата – аналар жиналысының жұмыс жоспары.

№	Күн тәртібі	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p>1. Тақырыбы: «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзышылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама.</p> <p>2. Күзгі демалыс кезіндегі балалардың өмір, жол (жаяу жүргіншілер, көлік) қауіпсізлігі туралы.</p> <p>3. Әр түрлі мәселелер. а) «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүзеге асырылуы. ә) Ішкі тәртіп ережесі.</p>	28.10.2022	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары. Тагаева Г.Ж</p> <p>Алғашқы әскери даярлық жетекшісі А.Калиев</p> <p>К.Кумарсагитова, мектеп кітапханашысы</p> <p>Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Ашимханов</p>
	<p>1.«Өмір деген тамаша, өмір деген ғажайып» тақырыбында баяндама.</p> <p>2.Мектеп Парламентінің жұмысы туралы.</p> <p>3.Қазіргі таңдағы буллинг, кибербуллингтің оқушы өміріне әсері.</p> <p>4.Оқушылар арасында қылмыс пен құқық бұзушылыққа қараусыз қалудың алдын алу және жолын кесуге уақытында шара қолдану</p>	14.04.2023	<p>Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж</p> <p>Мектеп тәлімгері Муратова Н Кәмелеттік жасқа толмағандар аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Мамилов Медет</p> <p>Жарма ауданық білім бөлімінің әдіскері Увалиева Г.</p>

**2022 – 2023 оқу жылындағы мектепшілдік жалпы  
ата – аналар жиналысы № 1**

**Қатысқаны: 65**

**28.10.2022 ж**

**Күн тәртібінде:**

1. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама. (Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Тагаева Г.Ж)
2. Күзгі демалыс кезіндегі балалардың өмір, жол (жаяу жүргіншілер, көлік) қауіпсіздігі туралы (Алғашқы әскери даярлық жетекшісі А.Калиев)
3. Әр түрлі мәселелер

а) «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүзеге асырылуы (К.Кумарсагитова, мектеп кітапханашысы)

ә) Ішкі тәртіп ережесі. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары К.Ашимханов

**Тыңдалды:**

1. Тагаева Г.Ж – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

«Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзышылықтың алдын алу» тақырыбында баяндама оқып, құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша нұсқа берді. Мектеп әкімшілігіне, сынып жетекшілер тарапынан аталған бағытта жүргізілетін жұмыстармен таныстырып, мектептен бос уақытында жауапкершілік ата – аналарға жүктелетінін ескертті. (Қосымша бірге салынған)

2. А.Калиев - алғашқы әскери даярлық жетекшісі

Күзгі демалыс кезіндегі балалардың өмір, жол (жаяу жүргіншілер, көлік) қауіпсіздігі туралы ақпаратпен таныстырып, қауіпсіздікті сақтау жайлы ақпаратпен бөлісті. Демалыс кезіндегі, үй жағдайындағы қарапайым қауіпсіздік ережелін ұстау туралы да кеңестер берді. (Қосымша бірге салынған)

3. Әр түрлі мәселелер бойынша сұрақтар бойынша сұрақтар қарастырылып, талқыланды. Атап айтсақ, «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүзеге асырылуының бір жүйеге келіп, күнделікті таңертең мектеп бойынша «15 минуттық оқу» ұйымдастырылып отырған дығын және оқушылардың кітап оқуға қызығушылығы мен ынталарының аса түскендігін айтты. Сонымен қатар, ата – аналарды үйде де балалармен бірге кітап оқуға шақырды. Балаларға сынып жетекшілері кітапты алдын ала беріп қояды. Сонынан қорытынды ретінде эссе жазылады.

4. Мектептің ішкі тәртіп ережесіне сай оқушылар таңертеңгілік «15 минуттық оқуға», сабаққа кешікпеулерін ескерте отырып, мектептің формасына қойылатын талаптарды бұзбауын сұрайды. Оқушылардың сабақ кезінде ұялы телефонның әкелмеуін, тек қана пән мұғалімдері пайдалану қажет екендігі кезінде әкелуге болады. Түстен кейін секцияға келген кезде, секция жетекшілері бағалы зат ретінде, кілттелетін шкафқа салып қоюы керек.

**Қаулы :**

1. «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзышылықтың алдын алу» тақырыбындағы баяндама мен жол ережесі туралы ақпарат мәліметке алынып, жұмыс барысында қолданылсын.
2. «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүзеге асырылуы бойынша жұмыстар қатаң бақылауға алынсын және қаулының орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктелсін.
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің қатаң сақталуын қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін.

Мектеп директоры



К.С. Байғалиев

Хатшы



Н.С. Муратова

Мектепшілік ата – аналар жиналысына арналған күзгі демалыс кезіндегі балалардың өмір, жол (жаяу жүргіншілер, көлік), өрт қауіпсіздігі туралы.

Қоғам үшін баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі – ең басты байлық. Сондықтан мектепте жолда жүру ережелеріне үлкен көңіл бөлінуде. Статистика бойынша, өкінішке орай, жол апаттары көптен болуда. Соның ішінде балалардың жол апатына душар болуы жоғары көрсеткішті көрсетеді. Балалардың өмірінің қауіпсіздігін дағдыларын мектепке дейінгі кезеңде қалыптастыру қажет. Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзу қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай бола солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға тым жақын жүруі, қалтарыстан жолға шығып келетіні, жол жиегінде велосипедпен ойнап жүру салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машинаны дөңгелегіне ілініп, кейбіреулері жараат алып, өмірлік мүгедектікке ұшырап, кейде қайғалы апатқа ұшырау қаупі де біздің қоғамда жоқ емес.

Балалар жолда жүру ережесін сіз бен бізден үйренеді. Балалар үлкендердің жүріс – тұрысының жақсы жағын да, жаман жағын да қабылдайды. Көп жағдайда жолда жарақат алып, түрлі жағдайға ұшырап, жататыны көлік жүргізушілерінің ғана кінәсінен емес, ол көбінесе балалардың жол жүру ережесін білмегендігінен де болады. Балаларға жолда жүру ережелерін үйретіп, үнемі оған үлгі көрсетіп және жүріс – тұрысын қадағалап, балаларды көшеде болатын қауіпті жағдайлардан сақтандыру әрбір ата – ананың міндеті.

Мектепте балаларға арнап «Жолда жүру ережесі» тақырыбында оқу іс – әрекеттері және түрлі шаралар ұйымдастырылып өткізіледі. Сондықтан әрбір бала үйретілетін «Жолда жүру ережесі» тақырыбындағы іс – әрекетті мұқият тындап, өткізілген іс – әрекеттен қорытынды жасап отыруға міндетті. Балаларды жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында ойындар, әңгімелер, серуен кезіндегі ойын түрлері, конкурстар, сұрақтар – жауаптарды кеңінен қолдану, балалардың жол ережесі туралы түсініктерінің қалыптасуы мен білімдерінің жетілуіне көмектеседі. Осының ішінде әрбір оқушы білуі керек ең негізгі 5 ережені ұсынғым келеді.

Оқушыларға арналған ереже:

- 1 Тек жаяу жүргіншілерге арналған жолмен ғана жүріңіз!
- 2 Көшені ескеерті немесе «жаяу жүргіншілер өтпелі» деген арнайы белгі тұрған жермен ғана қиып өтіңіз.
- 3 Көшеден өтетін кезде - солға, ал ортасына келгенде оң жаққа қараңыз!
- 4 Жақын келе жатқан көліктің алдын кесіп өтпеңіз!
- 5 Жолда бойында ойын ойнамаңыз!

Ата – аналарға арналған ереже:

Балаларға тек жол қозғалысы ережелерін сақтауды ғана емес, сондай – ақ ерте жастан бастап ол ережелерді оқып, бақылауға және үйренуге үйрету керек. Ата – аналар мінез - құлық дағдыларын қалыптастырудың басты әдісі – балалардың ересектерді, ең алдымен ата – аналарды бақылап, соларға еліктейтінін ұйытпау керек. Көптеген ата – аналар мұны түсінбей, өздері балаларын дұрыс емес әрекетке үйретіп жатады.

- Жолдан өтерде балаңызбен бірге болсаңыз, шапшаң емес, жолды өлшенген қададармен қиып өтіңіз. Әйтпесе, сіз қауіпсіздікті бақылап, қамтамасыз ететін жерлерде асығып жүруге үйреніп аласыз.
- Балаңызды алдыға жүгіріп жіберіп, жолды өздігінен жүгіріп өтуіне жолды өздегінен жүгіріп өтуіне жол бермеңіз. Себебі, ол жолда жан – жағына қарамай жүріп, соған дағдыланып алады. Сондықтан кішікентай баланы қолынан мықтылап ұстап үлгересіз. Ал жазатайымы оқиғалардың көбі осындай ережелерлі сақтамағаннан болып жатады.
- Балаңызды жан – жаққа қарауға үйретіңіз. Балада жолаяқтан алғашқы қадам баспас бұрын басын бұрып, барлық бағыттағы жолды тексеретін, қатып қалған әдет болу керек. Ол автоматты түрде осылай әрекет етуге үйрену тиіс.
- Баланы көлікті байқауға үйретіңіз. Кейде балалар алыстағы көлікті немесе мотоциклді байқамайды. Оған ұашыұтыққа қарауды үйретіңіз.
- Балаңызды көліктің қалай қозғалатынын, жылдамдығын және бағытын бағалауға үйретіңіз. Оларға қайсы көліктің тік жолаяқпен жүретінін және қайсының бұрылайын деп жатқанын анықтауға үйретіңіз.
- Сонлай – ақ, өзіңіз де ережені мұқият меңгеріп алыңыз. Балаға кез келген көлік түріне тек, ол тоқтап тұрған кезде ғана кіру және шығу керектігін үйретіңіз. Балаға көлік жүріп бара жатқанда не секіріп мінуге немесе түсуге болмайтынын түсіндіріңіз.
- Жоғарыда аталған қарапайым ережелерді сақтай отырып, дені сау, білім ұрпақ тәрбиелейік!

2022 – 2023 оқу жылындағы мектепшілік жалпы  
ата – аналар жиналысы №2

Қатысты: 58

14.04.2023 ж

**Күн тәртібінде:**

- 1.«Өмір деген тамаша, өмір деген ғажайып» тақырыбында баяндама.
- 2.Мектеп Парламентінің жұмысы туралы.
- 3.Қазіргі таңдағы буллинг, кибербуллингтің оқушы өміріне әсері.
- 4.Оқушылар арасында қылмыс пен құқық бұзушылыққа қараусыз қалудың алдын алу және жолын кесуге уақытында шара қолдану

1. Мектеп психологы Канашева А.М. «**Өмір деген ғажайып, өмір деген тамаша!**» тақырыбында тренинг жүргізілді. Кіріспе бөлімінде ата аналарға өмір сүрудің екі тәсілі бар екендігі айтылды. Біріншісі – ғажайып жоқ деп өмір сүру; екіншісі – бұл өмірде бәрі ғажайып деп өмір сүру». Сондай-ақ «Асоциация» жаттығуын орындады. Ата аналар «Өмір» сөзінің бірінші әріпінен басталатын әріптерден өмірге баға берді. Екі топқа бөлініп өмірге қызығушылықты арттыратын жаттығуларды орындады. Ата аналар өз ойларын ортаға салды. «Мен өмірді сүйемін!» фото-аффермация жаттығуы жасалды. Соңында өмірге деген көзқарастарының өзгергенін, өмірді бағалау керектігін ұғынғандарын айтып, тренингтен жағымды әсер алғандарымен бөлісті.

2. Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жастардың құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру мәселесін белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты мектеп алдында құқықтық мемлекет жағдайында өзінің және қоғамның игілігі үшін шығармашылық, белсенді әрекет ете алатын, еркін, жауапкершілігі мол, мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу міндеті тұрды.

Бүгінгі таңда балалар мен жастардың өз құқықтарын іс жүзінде пайдалануына және қорғауына үйрететін оңтайлы тетік жоқ, бұл студенттердің әлеуметтік маңызы бар іс-әрекеттерге мотивациялық дайындығының төмендеуіне әкеп соғады. Балалар мен жастардың қоғамдық қозғалысы шеңберінде мұндай тетікке мектеп парламенттері (бұдан әрі – Парламент) түріндегі бірыңғай құрылымдық үлгі бола алады. Парламент – оқу-тәрбие процесінің мәселелерін шешуде мектеп әкімшілігінің таптырмас көмекшісі.

Парламентте мектеп оқушылары мен мұғалімдер бірлесе ынтымақтасуды, маңызды мәселелерді шешуде толыққанды серіктес болуды үйренеді.

Парламент – білім алушылардың білім беру ұйымын басқаруға, оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: студенттердің азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, жоғары мәдениетті, гуманистік бағытты, қоғамдық шығармашылыққа қабілетті, өз тұлғасын жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын азамат тәрбиелеу, қоғам және мемлекет.

Парламенттің міндеттері:

- білім беру ұйымын басқаруға қатысудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, мектепте, колледжде, жоғары оқу орнында білім алушылардың қабілеттері мен қызығушылықтарын, бірыңғай құқықтық кеңістікті дамыту үшін жағдай жасау;

- ұжымдық өмірдің нормаларына, мемлекеттің заңдарына деген оң көзқарасты, адамдарға пайда әкелуге, достары мен құрдастарына қиындықтарды жеңуге көмектесуге ұмтылуды тәрбиелеу;

- Парламент өзара көмек пен сенім, дамуға ұмтылу, барлық студенттердің тең құқылығы, ұжымдық шешім қабылдау, студенттердің құқықтары мен мүдделерінің басымдылығы, әрбір

жеке тұлғаға қатысты адамгершілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және құрметтеу принциптеріне құрылған. серіктестер. Мектептегі Парламент қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары үйдестіреді. Әр сыныпта, білім беру ұйымының әр тобында барлық 8 фракцияның депутаттары сайланады.

Парламент Президенті қажет болған жағдайда білім беру ұйымының түрлі алкалы органдарының отырыстарына қатысады.

Парламенттік басқарудың негізгі формасы механизмдерді тиімді басқарудың әмбебап технологиясы ретінде жобалық басқару болып табылады.

Парламенттің жобалық қызметінің бағыттары: экологиялық, волонтерлік, өлкетану, туризм, зияткерлік, экономикалық, спорттық, дебаттық, этномәдени, көркем-эстетикалық, музыкалық және басқа да шығармашылық жобалар.

Мектеп парламенті оқушылар арасында өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында құрылған.

Парламент өзара көмек пен сенім, дамуға ұмтылу, барлық студенттердің тең құқылығы, ұжымдық шешім қабылдау, студенттердің құқықтары мен мүдделерінің басымдылығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты адамгершілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерге құрмет көрсету принциптеріне негізделген.

Парламент – білім алушылардың білім беру ұйымының өзін-өзі басқаруына, оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысуының нысаны.

Сондай-ақ, мектеп парламентінің қызметі туралы Ереже әзірленіп, бекітілді. Мектептегі Парламенттің қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары үйлестіреді, ол Парламентке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады.

Мектептің өзін-өзі басқаруы өз жұмысында келесі бағыттарды ұстанады: азаматтық-патриоттық, адамгершілік, ақпараттық, ұйымдастырушылық, бос уақытты өткізу.

### **3. Қазіргі таңдағы буллинг, кибербуллингтің оқушы өміріне әсері.**

Буллинг – қазіргі күні кеңінен қолданылып жүрген термин. Ол қорқыту, біреуді кемсітіп, намысына тиетін сөздер айту мағынасын білдіреді. Күш көрсету немесе агрессия арқылы адамның өзгені қорлауы, одан үстем, мықты екенін дәлелдеп, әлімжеттік көрсету әрекеттерін буллинг жасаушы өзінің мықты екенін дәлелдеу үшін жасайды. Буллингтің түрі көп. Мысалы, қазіргі күні бірнеше түрін жиі естіп жүрміз. Олар: сөзбен, күшпен қорқыту. Көп жағдайда сөз арқылы әлімжеттік көрсетіп алып, соңы күшке ұласуы мүмкін. Бұл жалпылама айтқанда бір адамның екінші адамға үстемдік көрсетуі. Бір адамның екінші адамға күш көрсетуі жақсы емес. Бұл заңмен қудаланатын жағдай, - дейді психолог. Соңғы кезде «кибербуллинг» терминін де жиі естіп жүрміз. Өздеріңіз білетіндей, пандемия өршіп тұрған кезде адамдар үйде отырды. Әрине азаматтарымыз ол кезде әлеуметтік желіні көп пайдаланды. Әлеуметтік желі, интернет, белгілі бір сайттар арқылы екінші бір адамға қоқан-лоқы көрсетіп, жәбірленушінің телефонына хабарласып, мазалайтын жағдайлар жиі болды. Осы уақытта біз кибербуллингтің алдын алу мақсатында балаларға жадынамалар таратып, оның заңмен қуадалатын мәселе екенін түсіндіру үшін ауқымды жұмыс істедік. Өйткені балалар әлеуметтік желінің белсенді қолданушылары. Сол себепті телефон арқылы айтқан әрбір сөзге, жазған хабарламаға жауап беретіні, біреуді фото-видеоға түсіріп алып, оны жариялап жіберудің барлығы кибербуллингке әкеп соқтыруы мүмкін. Қазіргі күні жасөспірімдер арасында буллинг белең алып бара жатыр. Жоғарыда айтқанымдай, жақтастары бір топқа жиналып алып, белгілі бір балаға мықты екендерін көрсеткісі келіп, түрлі әрекетке баруы мүмкін. Мысалы, зорлық-зомбылыққа жол беріп, ұруы мүмкін. Бұған әрине жол бермеу керек. Түсіндіру жұмыстарын жүргізген дұрыс. Оның заңсыз екенін айтып, балалар арасында ағартушылық іс-шараларын жиі өткізу керек. Яғни болған жағдайдың салдарымен күреспей, оның алдын алып, ондай жағдайлардың болдырмау жолдарын іздеу керек. Оқушы мұндай әрекеттердің бұрыс екенін түсінуі тиіс. Сол себепті зорлық-зомбылықтың соңы неге апаратынын ағартушылық жұмыстары арқылы түсіндіру қажет, - деп толықтырды мектеп психологы А.Канашева. Тәрбие ісі меңгерушісі Г.Тагаева

оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықпен қалай күресуге болатынына тоқталды. Мектепте ағартушылық жұмыспен көп айналысу керек. Ата-аналарға, ұстаздарға, оқушыларға зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін көптеген тәрбие сағатын өткізіп, үлкен іс-шаралар өткізілді. Сонымен қатар ата-аналардың әлеуметтік жағдайын зерттеп, олармен байланысты орнаттық. Одан бөлек, баланың отбасындағы жағдайы қалай екенін зерделеу керек. Сенім телефондары, сенім жәшіктері, мектептегі педагогикалық-психологиялық қызметтің жұмысын арттыру, одан бөлек, балалардың жан дүниесін түсінетін мамандардың бар екенін насихаттау қажет. Адамның құқығын таптамай, зорлық-зомбылыққа жол бермеу керек. Ол үшін ақпараттар көп айтылғаны дұрыс, - деп өз сөзін аяқтады.


**Қаулы:** Мектеп отбасымен тығыз байланысты болып, сынып жетекшінің қызметін арттыру және сыныбындағы оқушыларының әлеуметтік-психологиялық, оқу үлгерімі, тәртібі, қарым-қатынасы бір жүйеде зерттеліп, зерделеніп отыруын қатаң қадағалау.

#### **4. Оқушылар арасында қылмыс пен құқық бұзушылыққа қараусыз қалудың алдын алу және жолын кесуге уақытында шара қолдану**

**Аудандық әдістемелік кабинет әдіскері Г.Увалиева:** Құқық бұзушылық — қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Жарма ауданы, Шакенов ат ом-де кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен оның алдын алу бойынша келелі кездесу өтті. Жастардың білімді, заман талабына сай болып қалыптасуына ықпал жасау мақсатында ұйымдастырылған басқосуға Кәмелеттік жасқа толмағандар аға инспекторы, полиция аға лейтенанты Мамилов Медет, полиция қызметкерлері, ұстаздар мен ата-аналар комитетінің төрағалары қатысты. Жиында Мамилов Медет баяндама жасап, оқушылардың түнгі мезгілде компьютерлік ойынханаларды жүрмеуін қатаң қадағалау керектігін атап өтті. Аудандық әдістемелік кабинет әдіскері Г.Увалиеваның сөзінше, бала тәрбиесінде мектептегі мұғалімдерден бөлек, ата-аналардың да рөлі жоғары. Сондықтан, «Тәрбиесіз берілген біл, адамзаттың қас жауы» тәмсілінің маңызы әрдайым жоғары. «Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, білім беру мекемелерімен полиция органдарында профилактикалық есепте тұрған жасөспірімдерді бақылау және жаз кезеңінде оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша тиісті шаралар атқарылуда. Аудан көлемінде 39 білім беру ұйымдары бар. Осыған байланысты, барлық қызметкерлер мектептерге бөлініп, жауапты етіп бекітілген. Құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жасөспірім оқушылар арасында профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін 82 кездесу ұйымдастырылған», - деді полиция аға лейтенанты Мамилов Медет. Жоспарға сәйкес, аудандық полиция басқармасы тарапынан «Балалардың жол қауіпсіздігі», «Жасөспірім», «Абайлаңыз балалар», «Түнгі қаладағы балалар» атауымен түнгі рейдтік іс-шаралары тұрақты түрде өткізілуде. Қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл — күн тәртібінен түспейтін көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

**Қаулы:** Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмысты болдырмау, оның алдын алу шараларын жүргізу, олардың құқықтық білімін арттыру бағытында жұмыстар жүргізілсін.

**Мектеп директоры**  **К.С Байғалиев**

**Хатшы**  **Н.С.Муратова**